

КАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРЛІГІ
ЖЕР РЕСУРСТАРЫН
БАСҚАРУ КОМИТЕТІ
«АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ
АЭРОФОТОГЕОДЕЗИЯЛЫҚ ІЗДЕСТІРУ
МЕМЛЕКЕТТІК ИНСТИТУТЫ
(АШАИМИ)»
ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ КҰҚЫҒЫНДАҒЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
КӘСІПОРНЫ



МИНИСТЕРСТВО СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
КОМИТЕТ ПО УПРАВЛЕНИЮ
ЗЕМЕЛЬНЫМИ РЕСУРСАМИ
РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ
НА ПРАВЕ ХОЗЯЙСТВЕННОГО ВЕДЕНИЯ
«ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ИНСТИТУТ
СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННЫХ
АЭРОФОТОГЕОДЕЗИЧЕСКИХ ИЗЫСКАНИЙ
(ГИСХАГИ)»

БҰЙРЫҚ

4 қыркүйек 2013 ж.

Алматы қаласы

ПРИКАЗ

№ 252 - 0

город Алматы

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі жұмыс жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі жұмыс жоспары бекітілсін.
2. Персоналмен жұмыс және құжатайналым басқармасы жауапты тұлғаларды осы бұйрықпен таныстырсын.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өз құзырымда қалдырамын.

Директор

Г. Бимендина

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне
ішкі талдау жүргізу жөніндегі жұмыс жоспары**

р/с №	Жұмыстар түрлері	Мерзімі	Жауапты адамдар
1.	<p><u>2021-2022 жылдар бойынша ақпарат жинау:</u></p> <p>1) талдау объектісінің қызметі туралы есеп;</p> <p>2) тәртіптік практика туралы;</p> <p>3) мемлекеттік сатып алу туралы;</p> <p>4) талдау объектісінің қызметі туралы статистикалық есептілік;</p> <p>5) талдау объектісіне қатысты бұрын мемлекеттік органдар жүргізген тексерулердің нәтижелері;</p> <p>6) ішкі аудит қызметтерінің бақылау іс-шараларының нәтижелері;</p> <p>7) талдау объектісінің қызметін реттейтін құқықтық актілер мен ішкі құжаттар;</p> <p>8) бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар;</p> <p>9) талдау объектісіне қатысты жеке және заңды тұлғалардың өтініштері;</p> <p>10) талдау объектісінің қызметкерлерін сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін анықтау және жауапқа тарту туралы мәліметтер;</p> <p>11) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг нәтижелері;</p> <p>12) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бұрын жүргізілген ішкі талдау нәтижелері;</p> <p>13) талдау объектісі қызметкерлерінің сауалнамасының (сұхбатының) нәтижелері;</p> <p>14) талдау объектісінің қызметі туралы</p>	11.09.2023 ж.	<p>Барлық профильлік бөлімшелер</p> <p>ПЖжҚАБ</p> <p>МСАБ</p> <p>БЕжҚЕБ</p> <p>БЕжҚЕБ ПЖжҚАБ ҚҚБ</p> <p>ІАҚ</p> <p>Барлық профильлік бөлімшелер</p> <p>ІТБ</p> <p>ПЖжҚАБ</p> <p>ПЖжҚАБ</p> <p>ПЖжҚАБ</p> <p>ПЖжҚАБ</p> <p>ІТБ ПЖжҚАБ</p> <p>Барлық профильлік бөлімшелер</p>

	<p><i>Мемлекеттік және құқық қорғау органдарының ақпараттық жүйелерінің деректері;</i></p> <p><i>15) ұсынылуына Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де мәліметтер.</i></p>		<p><i>Барлық профильлік бөлімшелер</i></p>
2.	<p>Талдау объектісінің қызметін, оның ұйымдастырушылық-басқару қызметін реттейтін құқықтық актілер мен ішкі құжаттарды сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің бар-жоғы бойынша талдау, оның ішінде:</p> <p>1) персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшыраған лауазымдарды айқындау;</p> <p>2) мүдделер қақтығысын реттеу;</p> <p>3) мемлекеттік қызметтер көрсету;</p> <p>4) рұқсат беру функцияларын іске асыру;</p> <p>5) Бақылау-тексеру функцияларын іске асыру;</p> <p>6) бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу;</p> <p>7) жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу;</p> <p>8) Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану;</p> <p>9) талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.</p>	20.09.2023 ж.	<p><i>Жұмыс тобының мүшелері</i></p>
3.	Талдамалық анықтаманы дайындау және оған қол қою.	27.09.2023 ж.	
4.	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшыраған лауазымдардың тізбесін қалыптастыра отырып, оларды айқындау (бар болса).	28.09.2023 ж.	
5.	Бекітілген іс-шаралар жоспарына сәйкес (бар болса) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөніндегі шараларды қабылдау.	04.10.2023 ж.	

Ескертпе: ПЖЖҚАБ – Персоналмен жұмыс және құжатайналым басқармасы;
МСАБ – Мемлекеттік сатып алу басқармасы;
БЕЖҚЕБ – Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік басқармасы;
ҚҚБ – Құқықтық қамтамасыз ету басқармасы;
ІАҚ – Ішкі аудит қызметі;
ІТБ – ІТ басқармасы